

Қазақстан Республикасының білім беру, мәдениет және спорт ұйымдарын атау мен қайта атау туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 5 шілдедегі N 690 Қаулысы

"Қазақстан Республикасындағы ұйымдарды, темір жол станцияларын, әуежайларды, сондай-ақ физикалық-географиялық объектілерді атау мен қайта атаудың және олардың атауларының транскрипциясын өзгертудің тәртібін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996 жылғы 5 наурыздағы N 281 қаулысына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. 1-қосымшаға сәйкес білім беру, мәдениет және спорт ұйымдарына белгілі қоғам қайраткерлерінің, ғалымдардың, жазушылардың, ақындардың, суретшілердің, педагогтардың есімдері берілсін.

2. 2-қосымшаға сәйкес білім беру ұйымдары қайта аталсын.

3. Осы қаулы алғаш рет ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы
Ү к і м е т і н і ң
2 0 0 5 ж ы л ғ ы 5 ш і л д е д е г і
N 6 9 0 қ а у л ы с ы н а
1-қосымша

Белгілі қоғам қайраткерлерінің, ғалымдардың, жазушылардың, ақындардың, суретшілердің, педагогтардың есімдері берілген білім беру, мәдениет және спорт ұйымдарының тізбесі

Алматы облысы бойынша

Алакөл ауданының Үшарал қаласындағы Үшарал орта мектебіне - педагог Мұхаметбай Мыңбайұлының есімі;

Атырау облысы бойынша

облыстық көркемсурет және қолданбалы сәндік өнер мұражайына - суретші Шәймардан Сариевтің есімі;

Шығыс Қазақстан облысы бойынша

Семей қаласының«"Жас ұлан" ерлер лицейіне - ағартушы-ғалым, этнограф Шоқан Уәлихановтың есімі ;

